

**Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік университеті  
ПЕДАГОГИКА ФАКУЛЬТЕТІ  
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ  
КАФЕДРАСЫ**

**2023-2024 оқу жылына арналған**

**ТАНДАУ ПӘНДЕРІНІҢ МОДУЛІ**

**6В03101 – ПСИХОЛОГИЯ ББ бойынша**

**Ақтөбе, 2023**

**Кафедра атауы: Педагогикалық- психологиялық және арнайы білім беру  
Мамандық атауы және шифры: 6В03101 – ПСИХОЛОГИЯ  
4 жылдық (қазақ бөлімі)**

Қабылдау жылы: 2019 жыл

**4 курс**

<b>Компоне нт (ЖК/ТК)</b>	<b>Пән коды</b>	<b>Пән атауы</b>	<b>Семестр</b>	<b>Кредит саны</b>
<b>Модуль 10.1 Кәсіби өзін-өзі анықтау және психотерапия, 18 кредит Психолог- кеңес беруші</b>				
КП ТК	КООАТР 4221	Кәсіби өзін өзі анықтау теориясы мен практикасы	7	3
КП ТК	ОР 4307	Отбасы психологиясы	7	5
КП ЖК	ТТ 4308	Топтық терапия	7	5
КП ТК	PPN 4309	Психотерапия және психоанализ негіздері	7	5
<b>Модуль 10.2 Еңбек психологиясы және коучинг негіздері, 18 кредит HR менеджер</b>				
КП ТК	EPN 4221	Еңбек психологиясының негіздері	7	3
КП ТК	ARZP 4307	Адамдық ресурстарды зерттеудегі психодиагностика	7	5
КП ЖК	ТТ 4308	Топтық терапия	7	5
КП ТК	KN 4309	Коучинг негіздері	7	5
<b>Модуль 11.1 Психологиялық тәуелділік және қарым-қатынас психологиясы , 30 кредит Психолог- кеңес беруші</b>				
БП ТК	РТАТ 4222	Психологиялық тәуелділік, агрессия және терроризм	7	3
КП ТК	EQQR 4310	Этнопсихология және қарым-қатынас психологиясы	7	5
КП ТК	РРКА 4311	Педагогикалық-психологиялық коррекция әдістері	7	5
КП ЖК	PGAN 4312	Психология ғылымының әдіснамалық негіздері	7	5
БП		Өндірістік практика	8	10
БП		Дипломалды практика	8	2
<b>Модуль 11.2 Қарым-қатынас психологиясы және шешендік өнер психологиясы, 30 кредит HR менеджер</b>				
КП ТК	PEKZh 4222	Психология бойынша электронды курстар жобалау	7	5
КП ТК	QQP 4310	Қарым- қатынас психологиясы	7	5
КП ТК	ShOP 4311	Шешендік өнер психологиясы	7	5
КП ЖК	PGAN 4312	Психология ғылымының әдіснамалық негіздері	7	5
БП		Өндірістік практика	8	10
БП		Дипломалды практика	8	2

**Модуль 10.1 Кәсіби өзін-өзі анықтау және психотерапия, 18 кредит Психолог- кеңес беруші**

Дублин дискрипторлары (А, В, С, Д, Е)

**Пәннің атауы:** Кәсіби өзін-өзі анықтау теориясы мен практикасы

**Бағдарлама авторы:** Измаганбетов А.К.

**Курсты оқытудың мақсаты:**

Кәсіби өзін-өзі дамытудың негізі мәдениеттің компоненті ретінде мәні мен мазмұны. Кәсіби шеберлікті қалыптастырудың негізгі іс-әрекет.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Психологтың өз іс-әрекетінде әріптестерімен, ғылыми қоғаммен, зерттелінушілермен, сұхбаттасушымен, жәрдем сұрап келген адамдармен қарым-қатынас барысында спецификалық құлықтық, адамгершілік, өнегелілік талаптарды жүзеге асыру болып табылады. Ғалымдардың барлық категориялары үшін маңызды болып табылатын (экспериментальды мәліметтерді жинақтаудағы ғылыми шындық пен әдептілікті сақтау, тексерілмеген мәліметтер негізінде шыққан шұғыл шешімдерді, бөгде адамдардың зерттеу нәтижелері мен көзқарастарын меншіктенуден бас тарту т.б.) әртүрлі этикалық талаптар мен қағида, ережелермен қатар, психолог зерттеу жүргізу барысында зерттелінушінің жекелік қадір-қасиетін, олардың қызығушылықтарын кемсітуші немесе нұқсан келтіруші әдістерді, техникаларды, рәсімдерді қолданбауы қажет.

**Пререквизиттері:** Әлеуметтік психология, Коррекциялық психология.

**Постреквизиттері:** Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейіндегі пәндер.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Оқытудың замануи және қолданбалы, стандартты әдістерін іске асыру дағдыларын қалыптастырады және оқу процесін жоспарлаудың мақсат-міндеттеріне сәйкес психологиялық пәндердің креативті технологияларын қолдана біледі.

В) Курстың методологиялық, теориялық, практикалық негізін біледі.

С) Гуманитарлық, әлеуметтік және саяси ғылымдар саласындағы жаңа білім-біліктерді кешенді қолданады.

Д) Мектепті басқару мен мектептің оқу-тәрбие процесіне басшылық етуді, оқушыларға білім беру мен тәрбиенің сапасын көтерудің алғышарттарын және мектеп құжаттарының негізгі түрлерін өз практикасында қолданады.

Е) Білім алушылардың оқыту процесі кезінде алған білімін, білігі және дағдысын кәсіби қызметін жүзеге асырады.

**Дублин дискрипторлары: (А, В, С, Д, Е)**

**Пәннің атауы:** Отбасы психологиясы

**Бағдарлама авторы:** Утеуова А.А.

**Курсты оқыту мақсаты:** Студенттерге отбасындағы қарым-қатынас, оның түрлері және оның құрылымы, қарым-қатынас феномені және ережелері, қарым-қатынастағы пікір арқылы басқару мүмкіндіктері туралы, қарым-қатынастың әртүрлі формаларына технологиялық дайындық туралы, психологтың тәжірибелі іс-әрекет кезіндегі алынған білімдерін тұлға мен ұжымның әлеуметтік іс-әрекеттеріндегі түзете білу тәсілдерін қолдану туралы пікір қалыптастыру. Отбасылық бірлікті және жанжалдарды реттеу.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Курс студенттер мен психологтардың жеке тұлғааралық қарым-қатынас психологиясы, отбасының рөлі, құрылымы мен динамикасы, некеде және бала мен ата-ана қатынастарының механизмдері туралы жүйеленген идеяларды меңгеруіне бағытталған. Пәннің мақсаты - болашақ психологтарды отбасының даму заңдары мен тұлғаны қалыптастырудағы отбасының рөлін тереңдетеді.

**Пререквизиттері:** Қарым-қатынас психологиясы, Коррекциялық психология

**Постреквизиттері:** Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейіндегі пәндер.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Клиенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыру, салауатты, қауіпсіз және өнімді жұмыс ортасын құруда психологиялық іс-әрекет дағдыларды жүзеге асырады.

В) Психологиялық зерттеу әдістерін және академиялық жаза білу, психологияның түрлі ғылыми-практикалық салаларында қолдану.

- С) Отбасы мәселелерін шешуде бағыт беру жолдарын түсінеді, отбасы қарым-қатынасының икемділігін біледі.
- Д) Психологтың құндылықтарын пайдалана алады, отбасы проблемасын кәсіби психолог ретінде шешеді.
- Е) Практикада білім және қабілеттіліктерді түсінеді және оларды ұтымды пайдаланады.

**Дублин дискрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Топтық терапия

**Бағдарлама авторы:** Бекенова Д.М.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Студенттерді терапияның құрылымымен, даму тарихымен, оның әдіснамалық негіздерімен, терапияның өзіндік ерекшеліктерімен, топтық терапияның жұмыс жүргізу техникасымен және дағдыларымен таныстыру. Олардың кәсіби психологиялық дайындықтарын күшейту, кәсіби білімдерін жетілдіру, практикалық білімдерімен қаруландыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:**

Топтық психотерапия - адамның физикалық және ақыл-ойдың әл-ауқатына қол жеткізу және емдеу үшін топта жеке тұлғааралық қарым-қатынастың үлгісін пайдаланады. Топтық психотерапияның ерекшелігі басты психотерапевтикалық құралдардың бірі - адамдардың өздері тобы, олардың тәжірибесі, сезімі мен өзара қарым-қатынас байланысын қарастырады.

**Пререквизиттері:** Қарым-қатынас психологиясы, Коррекциялық психология

**Постреквизиттері:** Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейіндегі пәндер.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

- А) Практикалық психология саласындағы нормативтік-құқықтық, оқу-әдістемелік, ұйымдастырушылық құжаттарды талдайды.
- В) Практикалық психолог жұмысында нейрингвистикалық бағдарламалау, психотерапия, топтық терапия, психосоматика және инклюзивті орта мүмкіндіктерін болжай алады.
- С) Топтық терапияның түрлі бағыттары туралы түсінік қалыптастырып, техникаларын пайдалану дағдыларын ұйымдастырады.
- Д) Қолданылатын әдістерді және практикалық жаттығуларды жинақтау және эксперименттік зерттеу кезінде қалыптасқан ақпараттық мәліметтерді қолданады.
- Е) Курс бойынша материалдың маңызын, қорытындылар сәйкестігін бағалап салыстырады.

**Дублин дискрипторлары (А,В,С,Д,Е)**

**Пәннің атауы –** Психотерапия және психоанализ негіздері

**Бағдарлама авторы –** Жусупов Б.Т.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Студенттерді психоанализ практикасына кәсіби даярлау болып табылады.

**Курстың қысқаша сипаттамасы:** Психотерапия және психоанализ пәнін игеру нәтижесінде студенттерде практикалық психологтың іс-әрекетінің негізгі сфералары мен түрлері туралы түсініктер қалыптасады.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Психотерапия және психоанализ негіздері қоғамның барлық саласына зор ықпал еткен психологиялық ілім және психиатрияны емдеу әдіснамасы. Психологиялық құбылыстардың қалыптасуы мен дамуын түсіндіру және рухани ауруларды емдеу түгелдей өнеркәсіп дәуіріне тән механикалық әдістермен орындалады.

**Пререквизиттері:** Қарым-қатынас психологиясы, Коррекциялық психология

**Постреквизиттері:** Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейіндегі пәндер.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

- А) Психология ғылым салаларын, психологиялық қызметін ұйымдастыру, коучинг негіздерін түсіну, білу, қолдану.

- В) Дүниетанымы мен ойлау мәдениеті жоғары жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін жаратылыстану ғылымдары пәндері бойынша базалық білімдерін игереді.
- С) Оқуда адам- индивид объективті – субъективті мәнінің мағынасын диалектикалық тәсілдерін түсінеді, қолданады.
- Д) Қазіргі психоанализ проблемасына қатысты проблемаларды бөліп талдайды.
- Е) Практикалық психолог жұмысында нейро-лингвистикалық бағдарламалау, коучинг, психотерапия, психоанализ, топтық терапия, арттерапия, психосоматика және инклюзивті орта мүмкіндіктерін болжайды.

## **Модуль 10.2 Еңбек психологиясы және коучинг негіздері, 18 кредит HR менеджер**

### **Дублин дескрипторлары (А,В,С,Д,Е)**

**Пәннің атауы:** Еңбек психологиясының негіздері

**Бағдарлама авторы:** Кереймаганбетова Ж.Н.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Әртүрлі еңбектегі мамандық ерекшеліктерін, еңбек дағдыларының қалыптасуын, өндірістік – кәсіптік жағдайдың адамға тигізетін әсерін, құрал – аспаптардың құрылысы мен орналасуын, хабар жүйелерінің қажетті заттарын қарастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Еңбек психологиясының негіздері – еңбек етіушінің тұлғасының ерекшеліктерін және еңбекті жүйелі сапа ретінде қарастырып, кәсіби ортада өзара әрекеттесуді анықтайтын ғылыми білім кешені.

**Пререквизиттері:** Іскерлік реторика, Нейропсихология және медицина психологиясының негіздері.

**Постреквизиттері:** Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейіндегі пәндер.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

- А) Психология ғылым салаларын, психологиялық қызметін ұйымдастыру, коучинг негіздерін түсіну, білу, қолдану.
- В) Психологиялық зерттеу әдістерін және академиялық жаза білу, психологияның түрлі ғылыми-практикалық салаларында қолдану.
- С) Кәсіптік іс–әрекет саласында неғұрлым жиі кездесетін міндеттерді талдайды.
- Д) Өндіріс пен кәсіби іс–әрекет пен білім беру психологиясы жайлы біледі.
- Е) Кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытады.

### **Дублин дискрипторлары: (А, В, С, Д, Е)**

**Пәннің атауы:** Адамдық ресурстарды зерттеудегі психодиагностика

**Бағдарлама авторы:** Жусупов Б.Т.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Студенттер қазіргі өмірдегі психологиялық білімдерін, осылардың мамандық шеңдерінде кәсіби қалыптастыру процесіндегі ролі мен оның мәнін анықтау және ұйымдастырудың теориялық және әдіснамалық мәселелерін қарастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Адам ресурстарын басқару - ғылыми-зерттеу саласындағы практикалық жұмысқа негізделген. Сондай-ақ құқықтық, ұйымдастырушылық, экономикалық, рәсімдік және гигиеналық қолдауды қамтиды. Осы салада жұмыс істейтін психологтардың қызметіне ерекше көңіл бөлінеді: психологиялық білім, диагностика, психологиялық кеңес беру, сарапшы және ықпалды тәжірибе т.б. Адам ресурстарын басқару дегеніміз — кәсіпорынның, мекеменің адам ресурстарын басқаруы және жоспарлауы болып табылады.

**Пререквизиттері:** Дифференциальды психология

**Постреквизиттері:** Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейіндегі пәндер.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

- А) Дүниетанымы мен ойлау мәдениеті жоғары жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін жаратылыстану ғылымдары пәндері бойынша базалық білімдерін игереді.
- В) Басқару психологиясының жүйелік бағыттарын анықтайды.

С) Психологиялық зерттеу әдістерін және академиялық жаза білу, психологияның түрлі ғылыми-практикалық салаларында қолдану.

Д) Практикалық психология саласындағы нормативтік-құқықтық, оқу-әдістемелік, ұйымдастырушылық құжаттарды талдайды.

Е) Әртүрлі категориядағы балалардың қабылдау, сана, ойлау, ес процестерінің бұзылыстарының айырмашылықтарын қалыптастырады.

**Дублин дискрипторлары: (А, В, С, Д, Е)**

**Пәннің атауы:** Коучинг негіздері

**Бағдарлама авторы:** Қаринов А.К.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Студенттерді психологиялық кеңес беру практикасына кәсіби даярлау болып табылады.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Коучинг негіздері - адамға әлеуметтік және психологиялық көмек көрсетудің бір түрі. Сондай-ақ, көмектің сипаты бойынша кеңес беру психотерапияға ең жақын, бірақ психотерапияның қысқартылған немесе жеңілдетілген нұсқасы болып табылмайды, сонымен қатар бірқатар авторлардың тұжырымдамасымен келісе алмайды. Коучинг негіздері - бұл ерекше ерекшелігі бар практикалық психологияның жеке бөлімі. Жақында практикалық қызметтің бұл түрі адам қызметінің басқа салаларына таралды. Қазіргі уақытта әртүрлі ғалымдар көптеген кеңес беру функцияларын ерекшелендіреді, атап айтқанда: әлеуметтену, білім беру, профилактикалық, талғампаздық, қаржылық өтемақы. Дегенмен, барлық зерттеушілер адамның жеке басын дамыту функциясын басты айырмашылығы деп санайды. Қазіргі кездегі психологиялық коучинг негіздері деген түсінік бар. Коучинг негіздерінің этикалық принциптері. Психологиялық коучинг түрлері. Жеке және топтық психологиялық коучинг негіздері.

**Пререквизиттері:** Даму психологиясы, Жалпы психология

**Постреквизиттері:** Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейіндегі пәндер.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Коучинг сессияларын өткізу үшін коучинг әдістерін қолданады.

В) Психологиялық кеңес нәтижесін қамтамасыздандыратын шартты құрады.

С) Коучингтің негізгі қағидаттары мен жұмыс істеуі мазмұны мен құрылымын біледі.

Д) Жанұяда, мектепте психологиялық кеңес беру принциптері мен әдістерін талдайды.

Е) Коучинг іс-шараларын өткізуді ұйымдастырудың ерекшеліктерін қалыптастырады.

### **Модуль 11.1 Психологиялық тәуелділік және қарым-қатынас психологиясы, 30 кредит Психолог- кеңес беруші**

**Дублин дескрипторлары (А,В,С,Д,Е)**

**Пәннің атауы –** Психологиялық тәуелділік агрессия және терроризм

**Бағдарлама авторы –** Измаганбетов А.К.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Агрессия және терроризм психологиясы курсының негізгі мақсаты – адамның агрессивтілігінің пайда болуының теориялық негіздері, диагностика технологиялары мен әдістері, терроризмге бейімділіктің алдын алу психотехникалары.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Психологиялық тәуелділік, агрессия және терроризм тәуелділік мінез-құлқының жалпы механизмі тұрғысынан фармакологиялық (алкоголизм, нашақорлық, заттарға тәуелділік) және фармакологиялық емес (жұмысшы, құмар ойындар, жыныстық және тағамдық тәуелділік және т.б.) түрлі формаларын қарастырады. Тәуелділік мінез-құлқының қалыптасу кезеңдері, оған ықпал ететін психологиялық және әлеуметтік-экономикалық факторлар айқындалады.

**Пререквизиттері:** Жеке тұлғаны зерттеудің жобалау әдістері, Психология тарихы

**Постреквизиттері:** Магистратура деңгейіндегі пәндер.

**Оқытудың күтілетін нәтижелер:**

- А) Практикалық психолог жұмысында нейрингвистикалық бағдарламалау, психотерапия, топтық терапия, психосоматика және инклюзивті орта мүмкіндіктерін болжай алады.
- В) Мәдениет және академиялық адалдықты ағартушылық қызметінде көрсетеді.
- С) Агрессияның пайда болу кезінде агрессивті тұлғамен психологиялық кеңес жүргізе біледі, арнайы іс – әрекетті қолданады.
- Д) Қазіргі кезде агрессияның пайда болуына байланысты мәселелерді анықтайды, агрессия кезінде креативті шешім қабылдайды және агрессияны жою жолдарын біледі.
- Е) Өз кәсіби дайындығының деңгейін жоғарлатады; агрессивті жағдайлар туралы жүйелі біледі, диагностика түрлерін ұтымды қолданады.

**Дублин дискрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Этнопсихология және қарым-қатынас психологиясы.

**Бағдарлама авторы:** Кереймағанбетова Ж.Н.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Студенттердің қазіргі заманғы психология құрылымындағы этнопсихология мен қарым-қатынастың орнын түсіну және өмірдің барлық салаларында тұрақты этносаралық өзара іс-әрекет жағдайында кәсіптік қызметке дайындық процесінде этнопсихологиялық білімнің рөлін түсіну болып табылады.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Этнопсихологияның зерттейтін сан алуан мәселелері (этностереотип, этноцентризм, ұлттық тұрпат, халық рухы, ұлттық намыс, ұлттық сана, дәстүр, салт және т.б.) бар. Этнопсихология әртүрлі халықтар мен мәдениеттер өкілдерінің психикалық ерекшеліктерін, ұлттық дүниетаным ерекшеліктерін, ұлттық мінез мәселелерін, ұлттық өздік санамен этникалық стереотиптердің міндеттері мен қалыптасу заңдылықтарын, ұлттық қоғамдастықтар мен қоғамның қалыптасу заңдылықтарын зерттейді.

**Пререквизиттері:** Криминалды және заң психологиясы, Психология тарихы.

**Постреквизиттері:** Магистратура деңгейіндегі пәндер.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

- А) Психология ғылым салаларын, психологиялық қызметін ұйымдастыру, коучинг негіздерін түсіну, білу, қолдану.
- В) Психологиялық зерттеу әдістерін және академиялық жаза білу, психологияның түрлі ғылыми-практикалық салаларында қолдану.
- С) Қазіргі заманғы этнопсихологияның теориялық-әдіснамалық аппаратын және қазіргі заманғы этнопсихологияның мәселелерін анықтаудың негізгі тұрғыларын біледі.
- Д) Этносаралық қатынастардың кемелденуі мен этносаралық өзара әрекеттің күшеюіне практикалық ұсыныстарды құру дағдысын игереді; психологиясы теориясы мен практикасындағы ғылыми зерттеулерді талдайды.
- Е) Этносаралық қатынастардың болашақтағы дамуын болжай алады және бақылау дағдыларын жасайды.

**Дублин дискрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Педагогикалық-психологиялық коррекция әдістері.

**Бағдарлама авторы:** Ергарина Ж.М.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Студенттерді коррекция құрылымымен, даму тарихымен, оның әдіснамалық негіздерімен, коррекция өзіндік ерекшеліктерімен, коррекция жұмыс жүргізу техникасымен және дағдыларымен таныстыру. Олардың кәсіби психологиялық дайындықтарын күшейту, кәсіби білімдерін жетілдіру, практикалық білімдерімен қаруландыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Коррекциялық педагогика және психология курсының маңызды міндеті дамуы мен мінез-құлқында ауытқушылығы бар балалармен жасөспірім коррекциялық педагогикалық қызметтің қалыптасуы мен даму тарихын зерттеу, бала дамуы мен мінез-құлқындағы ауытқушылықтарды жеңу үшін алдын алудың негізгі тенденцияларын айқындайды.

**Пререквизиттері:** Жеке тұлғаны зерттеудің жобалау әдістері, Психология тарихы

**Постреквизиттері:** Магистратура деңгейіндегі пәндер.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

A) Клиенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыру, салауатты, қауіпсіз және өнімді жұмыс ортасын құруда психологиялық іс-әрекет дағдыларды жүзеге асырады.

B) Практикалық психология саласындағы нормативтік-құқықтық, оқу-әдістемелік, ұйымдастырушылық құжаттарды талдайды.

C) Психокоррекцияның түрлі бағыттары туралы түсінік қалыптастырып, техникаларын пайдалану дағдыларын меңгереді.

D) Қолданылатын әдістерді және практикалық жаттығуларды жинақтау және эксперименттік зерттеу кезінде қалыптасқан ақпараттық мәліметтерді қолданады.

E) Курс бойынша материалдың маңызын, қорытындылар сәйкестігін бағалайды және салыстырады.

**Дублин дискрипторлары:** A) B) C) D) E)

**Пәннің атауы:** Психология ғылымының әдіснамалық негіздері

**Бағдарлама авторы:** Исатаева Б.Б.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Психологиялық ғылымның әдіснамалық негіздері ғылыми зерттеулердің әдіснамалық негіздеріне қатысты ұстанымдардың негіздерін қалыптастырады.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Қазіргі психологияның өзекті әдіснамалық мәселелерімен және негізгі әдіснамалық пікірталастарымен танысуды, психологияның негізгі принциптері, категориялары мен әдістері туралы идеяларды рефлексиялауды, психологиялық бағыттардың, мектептер мен жекелеген зерттеулердің әдіснамалық ұстанымын анықтау қабілетін дамытуды, өзінің әдіснамалық негіздерін түсіну және тұжырымдау қабілетін дамытуды қарастырады. Жеке зерттеу және практикалық жұмыс.

**Пререквизиттері:** Жеке тұлғаны зерттеудің жобалау әдістері, Психология тарихы

**Постреквизиттері:** Магистратура деңгейіндегі пәндер.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

A) Пәндік және әдістемелік білімділігін көрсетеді.

B) Ойлау мәдениеті жоғары білімді тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін жаратылыстану-ғылыми (әлеуметтік, гуманитарлық, экономикалық) пәндер саласында базалық білімі болады.

C) Психологиялық мәселелерді шешу үшін бастапқы және екінші деректерді жинау және пайдаланады.

D) Қолданылатын әдістерді және практикалық жаттығуларды жинақтау және эксперименттік зерттеу кезінде қалыптасқан ақпараттық мәліметтерді қолданады.

E) Курс бойынша материалдың маңызын, қорытындылар сәйкестігін бағалайды және салыстырады.

## **Модуль 11.2 Қарым-қатынас психологиясы және шешендік өнер психологиясы, 30 кредит HR менеджер**

**Дублин дискрипторлары (A, B, C, D, E)**

**Пәннің атауы:** Психология бойынша электронды курстар жобалау

**Бағдарлама авторы:** Исатаева Б.Б.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Курс қашықтықтан оқыту саласында білім жүйесін жүйелеуге арналған және электронды оқыту курстарын жасаудың практикалық дағдыларын қалыптастырады, бұл ең таралған арнайы құралдарды қолданады.

**Пәннің қысқаша мазмұны:**



Курс аудио сүйемелдеуімен, интерактивті іскерлік ойындармен, дербес жұмыс үшін кадамдық бейнематериалдармен, мысалдар мен құжаттар үлгілерімен, бақылау сынақтарымен анимациялық дәрістерді қамтиды.

**Пререквизиттері:** Мамандану практикумы, Әлеуметтік психологиялық тренинг.

**Постреквизиттері:** Магистратура деңгейіндегі пәндер.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Психология саласындағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әртүрлі түрлерін кәсіби қызметте пайдалану білімі мен дағдыларын көрсетеді.

В) Практикалық психология саласындағы нормативтік және құқықтық құжаттарды, оқу-нұсқаулық құжаттарды, ағымдағы оқу-ұйымдастыру құжаттарын (дидактикалық, бақылау-өлшеу материалдары және т. б.) әзірлеу мәселелерін түсіндіреді және талқылайды.

С) Мәдениет және академиялық адалдықты ағартушылық қызметінде талдай біледі

Д) Психосоматика және инклюзивті орта мүмкіндіктерін іске асырады.

Е) Психотерапия, топтық терапия, психосоматиканы бағалай алады.

**Дублин дискрипторлары (А,В,С,Д,Е)**

**Пәннің атауы:** Қарым- қатынас психологиясы

**Бағдарлама авторы:** Кереймағанбетова Ж.Н.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Қарым-қатынас ұғымының мәнін ашып көрсету. Адамдар арасындағы қарым-қатынас психологиясын талдау болып табылады. Қарым-қатынас — адамдардың бір-бірімен байланысы, оның барысында психикалық байланыс пайда болады, ол ақпарат алмасу, өзара әсер ету, өзара көңіл білдіру, өзара түсінісу түрінде аңғарылады.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пәнді меңгерудің мақсаты – адамның әлеуметтенуінің ең маңызды құралы ретінде адамдар арасындағы өзара әрекеттесу мен қарым-қатынас мәселелерін зерттеу, шешу, және оның көмегімен өмір сүруге қажетті өзіндік қажеттіліктерін реттеуді және қанағаттандыруды оқытады. Курсты оқу нәтижесінде студенттер қарым-қатынас психологиясының категориялық аппаратын, вербалды және вербалды емес қарым-қатынас ерекшеліктерін, адамдар арасындағы байланыстарды орнату мен дамытуды, ақпарат алмасуды, оның көмегімен бір-бірін қабылдауды, қатысушылар мен олардың ары қарай өзара әрекеттесуін, коммуникативті мәдениетін меңгереді.

**Пререквизиттері:** Мамандану практикумы, Әлеуметтік психологиялық тренинг

**Постреквизиттері:** Магистратура деңгейіндегі пәндер.

**Оқытудың күтілетін нәтижелер:**

А) Психологтың кәсіби іс-әрекетінің сапасын бағалаудың қол жетімді құралдарын пайдалана отырып, психолог жұмысының әлеуметтік маңыздылығын бағалайды, конструктивті шешім қабылдау үшін жанжалдарды шешу дағдыларына ие болады.

В) Психологияның әртүрлі ғылыми және ғылыми-практикалық салаларында жалпы кәсіби білім мен іскерлікті қолдану негізінде психологиялық зерттеулер жүргізе біледі.

С) Психологиялық зерттеулерді құрастырады және жүргізеді, зерттеу нәтижелерін талдайды.

Д) Пәннің теориялық негіздерін, әлеуметтік–мәдени институттың және іс–әрекет түрі ретінде бизнестің жалпы ерекшеліктерін біледі.

Е) Клиенттің қажеттіліктерін қанағаттандыру, салауатты және өнімді жұмыс ортасын құру үшін психикалық қауіпсіздік пен климатты басқару бойынша негізгі білім мен дағдыларын меңгереді.

**Дублин дискрипторлары:** А) В) С) Д) Е)

**Пәннің атауы:** Шешендік өнер психологиясы

**Бағдарлама авторы:** Тильмағанбетова Р.Е.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Студенттерді дұрыс, әдемі, орынды сөйлеуге үйрету, сондай-ақ шешендік шеберліктің дағдылары мен тәсілдерін меңгеру. Пәнді оқу болашақ мамандарға іскерлік әңгімеде, презентацияларда тиімді қарым-қатынас жасауға ғана емес, сонымен қатар сөйлеу мәтінін шебер құрастыруға, іскерлік қарым-қатынас жағдайын талдауға, аудиторияны басқаруға және қалаған нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Шешендік өнер психологиясы және оның іскерлік қарым-қатынастағы ролі жүзеге асырылады. Тілдік қатынастағы қателер және оның алдын алу мақсаттары іске асырылады. Дикция және оның түрлері мен мүмкіндіктері, тілдік қатынастардың психологиялық аспектілері. Продуктивті риторикалық әдістер, тілдегі сөздік оралымдар, әңгімелесу және пікірталас жүргізу мәдениетері қалыптастырылады.

**Пререквизиттері:** Мамандану практикумы, Қолданбалы конфликтология және эмоционалды интеллект

**Постреквизиттері:** Магистратура деңгейіндегі пәндер.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Өзін-өзі дамыту, жүзеге асыру және шығармашылық мүмкіндіктерін пайдалана алу дайындығын көрсетеді.

В) Психологиялық зерттеу әдістерін және академиялық жаза білу, психологияның түрлі ғылыми-практикалық салаларында қолдану.

С) Тарихи үрдістің қозғаушы күші мен заңдылықтарын, қоғамның тарихи процестегі және саяси ұйымындағы адамның орнын түсінеді, оқыту процесінде және кәсіби қызметте әлемнің қазіргі жаратылыстану-ғылыми бейнесі туралы білімді пайдаланады.

Д) Ғылыми зерттеу методологиясының негіздерін меңгереді, оқу үрдісінде және кәсіби және әлеуметтік қызметте практикалық міндеттерді шешу үшін алған білімдері мен дағдыларын қолданады.

Е) Психологиялық зерттеулерді құрастырады және жүргізеді, зерттеу нәтижелерін талдайды, жобалайды, сыни ойлау мен рефлексия дағдыларын меңгереді.

Қабылдау жылы: 2020 жыл

### 3 курс

Компоне нт (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
<b>Модуль 7.1 Психология салалары және академиялық жазу, 30 кредит Психолог- кеңес беруші</b>				
БП ЖК	NMPN 3214	Нейропсихология және медицина психологиясының негіздері	5	5
БП - ТК	AP 3215	Әлеуметтік психология	5	5
БП - ТК	SP 3216	Саяси психологиясы	5	5
КП - ТК	KP 3301	Коррекциялық психология	5	5
КП - ЖК	Ah 3302	Академиялық жазу	5	5
КП - ТК	QKQAA 3303	Қызметкерлердің кәсіби қажуын алдын алу	5	5
<b>Модуль 7.2 Нейромаркетинг және адами ресурстар, 30 кредит HR менеджер</b>				
БП ЖК	NMPN 3214	Нейропсихология және медицина психологиясының негіздері	5	5
БП - ТК	DP 3215	Дифференциалды психология	5	5
БП - ТК	ARBP 3216	Адами ресурстарды басқару психологиясы	5	5
КП-ТК	IR 3301	Іскерлік риторика	5	5

КП - ЖК	Ah 3302	Академиялық жазу	5	5
КП - ТК	QQPDBP 3303	Қызметкерлердің құзыреттілігін психологиялық диагностикалау бойынша практикум	5	5
<b>Модуль 8.1 Жеке тұлғаны зерттеу және қолданбалы конфликтология, 30 кредит Психолог- кеңес беруші</b>				
БП ТК	ZhTZZhA 3217	Жеке тұлғаны зерттеудің жобалау әдістері	6	5
БП ЖК	IBB 3218	Инклюзивті білім беру	6	5
БП ТК	PT 3219	Психология тарихы	6	5
КП ТК	QKEI 3304	Қолданбалы конфликтология және эмоционалды интеллект	6	5
КП - ЖК	KZP 3305	Криминалды және заң психологиясы	6	5
КП		Өндірістік практика	6	5
<b>Модуль 8.2 Әлеуметтік-психологиялық және эмоционалды интеллект, 30 кредит HR менеджері</b>				
БП ТК	APT 3217	Әлеуметтік-психологиялық тренинг	6	5
БП ЖК	IBB 3218	Инклюзивті білім беру	6	5
БП ТК	MP 3219	Мамандану практикумы	6	5
КП ТК	QKEI 3304	Қолданбалы конфликтология және эмоционалды интеллект	6	5
КП - ЖК	KZP 3305	Криминалды және заң психологиясы	6	5
КП		Өндірістік практика	6	5

### **Модуль 7.1 Психология салалары және академиялық жазу, 30 кредит Психолог-кеңес беруші**

**Дублин дискрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Нейропсихология және медицина психологиясының негіздері

**Бағдарлама авторы:** Утеуова А.А.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Студенттерді психикалық дамуында түрлі бұзылыстары бар балаларды түзету әрекеттерінің тиімді жолдарымен таныстыру және оны тәжірибеде қолдана білу әдістемесін игерту.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Нейропсихология негіздері психология мен неврологияның түйіндерінде орналасқан, мидың құрылымы мен жұмыс істеуін психикалық процестермен және тіршілік әрекеттерімен түсінуге бағытталған пәнаралық ғылыми бағыт болып табылады. Медицина психология курсы - психикалық факторлардың, аурулардың пайда болуына, патологиялық жағдайларды диагностикасына, психикалық профилактикаға және ауруды түзеу әсерін зерттейді.

**Пререквизиттері:** Жеке тұлға психологиясына кіріспе, ЖЖК анатомиясы мен физиологиясы

**Постреквизиттері:** Тұлғаның стресске төзімділігі мен өзін-өзі реттеуінің психотехнологиялары, Отбасы психологиясы .

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Психология ғылым салаларын, психологиялық қызметін ұйымдастыру, коучинг негіздерін түсіну, білу, қолдану.

В) Практикалық психолог жұмысында нейрингвистикалық бағдарламалау, психотерапия, топтық терапия, психосоматика және инклюзивті орта мүмкіндіктерін болжай алады.

- С) Ойлау, қабылдау мен сананың бұзылуы, ес пен сөйлеу әрекетінің бұзылуы, жеке тұлғаның эмоциялық жағдайының бұзылу ерекшеліктерін талдайды.
- Д) Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерін, теориялық және тарихи-педагогикалық зерттеу әдістерін біледі.
- Е) Бақылау әдістері және оның түрлерін өз практикасында іске асырады.

**Дублин дискрипторлары (А, В, С, Д, Е)**

**Пәннің атауы:** Әлеуметтік психология

**Бағдарлама авторы:** Ергарина Ж.М.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Практикалық психология және психологиялық көмек туралы жалпы түсінік. Психолог, клиент және тапсырыс беруші ұғымдары. Индивидуалды және топтық психотерапия. Топтың психокоррекциялық әсері. Кіші мектеп жасындағы балаларға психологиялық кеңес беру ерекшеліктері. Әлеуметтік психологиялық тренингтер. Әлеуметтік психологиялық тренингтердің түрлі форматын өткізудің стилистикалық ерекшеліктері.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пәнді оқытуда әлеуметтік психологияның ғылым ретінде қалыптасуы туралы ақпарат беріледі. Басқа ғылым салаларымен байланысы ажыратылады. Мектеп жасындағы және мектепке дейінгі ерте жастағы баланың психикалық ерекшеліктері бағытындағы түсініктері қалыптасады. Балаларды әлеуметтік тұрғыдан зерттеудің психологиялық заңдылықтары мен әдістері меңгеріледі.

**Пререквизиттері:** Жеке тұлға психологиясына кіріспе, ЖЖК анатомиясы мен физиологиясы

**Постреквизиттері:** Тұлғаның стреске төзімділігі мен өзін-өзі реттеуінің психотехнологиялары, Отбасы психологиясы

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Психология саласындағы түрлі кәсіби қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану білімі мен дағдыларын көрсетеді.

В) Мәдениет және академиялық адалдықты ағартушылық қызметінде көрсетеді.

С) Жеке адамның әлеуметтік – психологиялық ерекшеліктері (әлеуметтену және әлеуметтік бағдар) жайлы білімді меңгереді.

Д) Адамдардың өзара әрекеттестігі мен қарым– қатынасы туралы білімдерді қалыптастыру арқылы студенттердің әлеуметтік – психологиялық зерттеу бағдарламалары мен зерттеу жұмысын дамытады.

Е) Психолог жұмысының әлеуметтік маңызы туралы түсініктерін тұжырымдайды.

**Дублин дискрипторлары (А, В, С, Д, Е)**

**Пәннің атауы:** Саяси психологиясы

**Бағдарлама авторы:** Утеуова А.А.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Саясаттың қалыптасуы мен жұмыс істеу заңдылықтарын зерделеу, студенттерді елдің саяси өміріне қатысуға дайындау, белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Қоғамның саяси өміріндегі әлеуметтік психологиялық компоненттерді, ұлттар, әлеуметтік топтар, үкімет және жеке тұлғалардың саяси саналарының деңгейі және олардың нақты сол сананы іске асыру әрекеттерін қарастырады. Саясат психологиясында саясат аренасындағы жеке тұлғаларды зерттеумен олардың типологиясын қарастырады.

**Пререквизиттері:** Жеке тұлға психологиясына кіріспе, ЖЖК анатомиясы мен физиологиясы

**Постреквизиттері:** Тұлғаның стреске төзімділігі мен өзін-өзі реттеуінің психотехнологиялары, Психотерапия және психоанализ негіздері.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

- A) Психология ғылым салаларын, психологиялық қызметін ұйымдастыру, коучинг негіздерін түсіну, білу, қолдану.
- B) Клиенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыру, салауатты, қауіпсіз және өнімді жұмыс ортасын құруда психологиялық іс-әрекет дағдыларды жүзеге асырады.
- C) Гуманитарлық, әлеуметтік және саяси ғылымдар саласындағы коучинг туралы жаңа білім, біліктерді кешенді меңгереді.
- D) Кәсіптік қызметте басқару психологиясын ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әр түрін өзара үйлесімділікте шебер қолданады.
- E) Оқытудың замануи және қолданбалы, коучингтің мақсат міндеттеріне сәйкес психологиялық пәндердің креативті технологияларын салыстырады, тұжырымдайды.

**Дублин дискрипторлары:** A) B) C) D) E)

**Пәннің атауы:** Коррекциялық психология

**Бағдарлама авторы:** Қереймағанбетова Ж.Н.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Студенттерді коррекция құрылымымен, оның даму тарихы және әдіснамалық негіздерімен, коррекцияның өзіндік ерекшеліктерімен, коррекцияның жұмыс жүргізу техникасымен және дағдыларымен таныстыру. Олардың кәсіби психологиялық дайындықтарын күшейту, кәсіби білімдерін жетілдіру және практикалық білімдерімен қаруландыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Коррекциялық психология курсы болашақ мамандарды психологиялық түзетуді ұйымдастырудың теориялық негіздерімен таныстыра отырып, клиенттермен тікелей жұмыс істеуді үйретіп, олардың әртүрлі психологиялық мәселелерін, қарым-қатынас қиындықтарын шешуге қажетті практикалық білік пен дағдыны қалыптастырады. Психологиялық түзетуде адамда психосоматикалық және жүйке психика бұзылыстарын болдырмау жолдарын, тұлғаны зерттеудің әдістерін, түзету жұмыстарын тиімді жүргізуді меңгертеді.

**Пререквизиттері:** Жеке тұлға психологиясына кіріспе, ЖЖК анатомиясы мен физиологиясы.

**Постреквизиттері:** Тұлғаның стресске төзімділігі мен өзін-өзі реттеуінің психотехнологиялары, Топтық терапия.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

- A) Практикалық психология саласындағы нормативтік-құқықтық, оқу-әдістемелік, ұйымдастырушылық құжаттарды талдайды.
- B) Практикалық психолог жұмысында нейрингвистикалық бағдарламалау, психотерапия, топтық терапия, психосоматика және инклюзивті орта мүмкіндіктерін болжай алады.
- C) Коррекцияның түрлі бағыттары туралы түсінік қалыптастырып, техникаларын пайдалану дағдыларын меңгереді.
- D) Қолданылатын әдістерді және практикалық жаттығуларды жинақтау және эксперименттік зерттеу кезінде қалыптасқан ақпараттық мәліметтерді қолданады.
- E) Курс бойынша материалдың маңызын, қорытындылар сәйкестігін бағалап салыстырады.

**Дублин дискрипторлары:** A) B) C) D) E)

**Пәннің атауы:** Академиялық жазу

**Бағдарлама авторы:** Каринов А.К.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Студенттерге таным техникасы мен оның жекелеген тәсілдеріне негізделген жалпы ережелер мен әдістерді, сондай-ақ ғылыми мәтінді оқу, академиялық жазу мен ауызша таныстыру дағдыларын меңгерту.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Курсты оқу барысында студенттерге академиялық жазба саласы, ғылыми жұмысты дайындау ерекшеліктері туралы, академиялық жазба түрлері, кәсіби лексика туралы, терминология, деректермен, әдебиетпен ғылыми-зерттеулік жұмыс

жасау туралы, сілтеме жасау ережесі туралы білімдер беріледі. Коммуникативтік, мәдениаралық, жетістікке жету сынды маңызды кәсіби құзыреттіліктер, сондай-ақ талдау жасау, сыни ойлау, ғылыми жұмысты сауатты рәсімдеу дағдылары дамытылады.

**Пререквизиттері:** Жеке тұлға психологиясына кіріспе, ЖЖК анатомиясы мен физиологиясы.

**Постреквизиттері:** Психотерапия және психоанализ негіздері, Топтық терапия.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Клиенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыру, салауатты, қауіпсіз және өнімді жұмыс ортасын құруда психологиялық іс-әрекет дағдыларды жүзеге асырады.

В) Психологиялық зерттеу әдістерін және академиялық жаза білу, психологияның түрлі ғылыми-практикалық салаларында қолдану.

С) Академиялық лексикада қолданылатын ғылыми-кәсіби ортаға тән тілдік оралымдарды меңгереді.

Д) Ғылыми-кәсіби пікірталастарға түсу дағдыларын дамытып, кәсіби бағдарланған жобаларды тұжырымдайды.

Е) Ғылыми зерттеулердің әдіснамасы туралы түсінікті қалыптастырады.

**Дублин дискрипторлары (А, В, С, Д, Е)**

**Пәннің атауы:** Қызметкерлердің кәсіби қажуын алдын алу.

**Бағдарлама авторы:** Кереймағанбетова Ж.Н.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Тұлғааралық коммуникация, топаралық өзара әрекеттестікті қалыптастыру, кәсіби іс-әрекетте қарым-қатынас ережелері мен техникаларын қолдану шеберлігін меңгерту. Кәсіби іскерліктер мен дағдыларды меңгеруде конструктивті қарым-қатынастың маңыздылығын ұғындыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** «Кәсіби жану», «кәсіби стресс» түсінігі мен сипаттамасын түсіндіреді. «Кәсіби жану» белгілерінің көрінуі мен кәсіби іс-әрекетке көңілі толмау көздерін, «Кәсіби жану» синдромының алдын алуға ықпал ету шараларын, эмоциялық жанудың жағымсыз ықпалын азайту үшін релаксацияның негізгі дағдыларын қалыптастырады.

**Пререквизиттері:** Жеке тұлға психологиясына кіріспе, ЖЖК анатомиясы мен физиологиясы

**Постреквизиттері:** Психотерапия және психоанализ негіздері, Топтық терапия

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Практикалық психолог жұмысында нейрингвистикалық бағдарламалау, психотерапия, топтық терапия, психосоматика және инклюзивті орта мүмкіндіктерін болжай алады.

В) Психологиялық зерттеу әдістерін және академиялық жаза білу, психологияның түрлі ғылыми-практикалық салаларында қолдану.

С) Білімгерлер мамандықты игеруі бойынша кәсіби практика шартын меңгереді және дағды, білімгерлердің тәжірибесі және өзіндік жұмыстарын меңгереді.

Д) Дүниетанымы мен ойлау мәдениеті жоғары жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін жаратылыстану ғылымдары пәндері бойынша базалық білімдерін игереді.

Е) Практикалық іс-әрекетте туындайтын қолданбалы міндеттер туралы нақты ойлар қалыптастырады.

## Модуль 7.2 Нейромаркетинг және адами ресурстар, 30 кредит HR менеджер

**Дублин дескрипторлары (А,В,С,Д,Е)**

**Пәннің атауы:** Дифференциалды психология

**Бағдарлама авторы:** Утеуова А.А.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Психологиялық ғылымның дамуындағы және психологтың практикалық іс - әрекетіндегі Дифференциалды психологияның орны, рөлі мен маңызы туралы түсінік беру, адамдардың жеке айырмашылықтары туралы қазіргі заманғы

идеялардың негізгі принциптерін қалыптастыру және психодиагностикалық мәселелерді шешу жолдары туралы түсінік беру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Дифференциалды психология әртүрлі әлеуметтік, сыныптық, этникалық, жас және басқа топтар өкілдерінің психологиялық айырмашылықтарын, психологиялық көріністерінің типологиялық айырмашылықтарын қарастырады. Дифференциалдық психология жеке айырмашылықтарды және оларды диагностикалаудың әртүрлі әдістерін жүйелейді, сондай-ақ бұл айырмашылықтарды әртүрлі салаларда сандық бағалайды.

**Пререквизиттері:** Жеке тұлға психологиясына кіріспе, ЖЖК анатомиясы мен физиологиясы

**Постреквизиттері:** Еңбек психологиясы негіздері, Арнайы психологиясы

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Психология ғылым салаларын, психологиялық қызметін ұйымдастыру, коучинг негіздерін түсіну, білу, қолдану.

В) Психиканың негізгі құбылыстарының жеке ерекшеліктерін зерттеудің принциптерін, феноменологиясын және әдістерін біледі.

С) Клиенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыру, салауатты, қауіпсіз және өнімді жұмыс ортасын құруда психологиялық іс-әрекет дағдыларды жүзеге асыруды меңгереді.

Д) Жеке адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетінде биологиялық және психологиялық байланысты талдайды, салыстырады және табу терминологиялық аппаратты дұрыс пайдаланады; теорияны практикамен дұрыс байланыстырады ады; проблеманы анықтай алады, және оны шешу жолдарын айқындайды.

Е) Зерттелетін мәселедегі байланыстар мен заңдылықтарды салыстырады.

**Дублин дескрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Адамдық ресурстарды басқару психологиясы

**Бағдарлама авторы:** Исатаева Б.Б.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Адамдық ресурстарды басқару – басқарушылық қызметтің психологиялық заңдылықтарын, басқару қызметінің ерекшеліктерін зерттейтін маман даярлау.

**Пәннің қысқаша мазмұны:**

Адам ресурстарын басқару - ғылыми-зерттеу саласындағы практикалық жұмысқа негізделген. Сондай-ақ құқықтық, ұйымдастырушылық, экономикалық, рәсімдік және гигиеналық қолдауды қамтиды. Осы салада жұмыс істейтін психологтардың қызметіне ерекше көңіл бөлінеді: психологиялық білім, диагностика, психологиялық кеңес беру, сарапшы және ықпалды тәжірибе т.б. Адам ресурстарын басқару дегеніміз — кәсіпорынның, мекеменің адам ресурстарын басқаруы және жоспарлауы болып табылады.

**Пререквизиттері:** Жеке тұлға психологиясына кіріспе, ЖЖК анатомиясы мен физиологиясы

**Постреквизиттері:** Еңбек психологиясы негіздері, Арнайы психологиясы

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Психологиялық мәтіндермен жұмыс жасауда қазақ (орыс), шет тілдеріндегі ауызша және жазбаша сөйлеу, ойды сауатты тұжырымдау және жеткізе алады.

В) Практикалық психолог жұмысында нейрингвистикалық бағдарламалау, психотерапия, топтық терапия, психосоматика және инклюзивті орта мүмкіндіктерін болжай алады.

С) Практикалық психолог жұмысында нейролингвистикалық бағдарламалау, психотерапия, топтық терапияны талдай біледі.

Д) Психологияның түрлі ғылыми практикалық салаларын синтездейді.

Е) Психологиялық зерттеулерді сыни ойлау мен рефлексия дағдыларын бағалай алады.

**Дублин дескрипторлары:** А, В, С, D, E

**Пәннің атауы:** Іскерлік риторика

**Бағдарлама авторы:** Тильмаганбетова Р.Е.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Психологтарды кәсіби даярлауда іскерлік риториканың ролі, педагогтың сөйлеу мәдениетіне қойылатын талаптар, кәсіби педагогикалық сөз жанры турлы білімдерін қалыптастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Іскерлік риторика іскерлік қарым-қатынас саласында қабылданған тілдік мінез-құлықтың заңдылықтары мен ережелерін қарастырады. Іскерлік риторика іскерлік қарым-қатынастың жалпы заңдылықтарын анықтайды, сондай-ақ іскерлік жанрлардың риторикасын әзірлейді, оның ішінде баяндама, іскерлік хат алмасу, телефондық іскерлік әңгіме, әңгімелесу, келіссөздер.

**Пререквизиттері:** Жеке тұлға психологиясына кіріспе, ЖЖК анатомиясы мен физиологиясы

**Постреквизиттері:** Психотерапия және психоанализ негіздері, Арнайы психологиясы

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Өзін-өзі дамыту, жүзеге асыру және шығармашылық мүмкіндіктерін пайдалана алу дайындығын көрсетеді.

В) Психологиялық зерттеу әдістерін және академиялық жаза білу, психологияның түрлі ғылыми-практикалық салаларында қолдану.

С) Психологпен оқушылардың сөзін талдау қабілетін меңгереді.

Д) Білім алушылардың ойын реттей біледі және аргументтерге негіздей отырып салыстырады.

Е) Практикалық психология саласындағы нормативтік-құқықтық, оқу-әдістемелік, ұйымдастырушылық құжаттарды талдайды.

**Дублин дискрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Қызметкерлердің құзыреттілігін психологиялық диагностикалау бойынша практикум

**Бағдарлама авторы:** Жусупов Б.Т.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Студенттерге қызметкерлердің құзыреттілігін психологиялық диагностикалау бойынша практикумы негізделген жалпы ережелер мен әдістердің таныстыру дағыдаларын меңгерту.

**Пәннің қысқаша мазмұны** Нақты міндеттерді шешуге арналған практикалық немесе теориялық меңгеру операцияларының біртекті амалдарының жиынтығы. Пәнде диагностикалық әдістер, кеңес беру, терапевтік түзету әдістері және ұйымдастыру мәселелерін шешуде қолданылатын әдістерді оқытады. Қызметкерлердің құзыреттілігін психологиялық диагностикалау әдістері психодиагностикалық, кеңес беруші, түзетуші - терапевтік әдістерді оқытады.

**Пререквизиттері:** Жеке тұлға психологиясына кіріспе, ЖЖК анатомиясы мен физиологиясы

**Постреквизиттері:** Психотерапия және психоанализ негіздері, Арнайы психологиясы

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Практикалық психология саласындағы нормативтік-құқықтық, оқу-әдістемелік, ұйымдастырушылық құжаттарды талдайды.

В) Практикалық психолог жұмысында нейрингвистикалық бағдарламалау, психотерапия, топтық терапия, психосоматика және инклюзивті орта мүмкіндіктерін болжай алады.

С) Жұмыстағы функционалдық жағдайлардың мәнін түсінеді.

Д) Ұйым жұмысшыларында кәсіби қажу қаупінің психодиагностикасы мен психопрофилактикасының заманауи әдістерін қолдануды меңгереді.

Е) Өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын дамытады, қолданады.

**Модуль 8.1 Жеке тұлғаны зерттеу және қолданбалы конфликтология, 30 кредит Психолог-кеңес беруші**



### **Дублин дескрипторлары (А,В,С,Д,Е)**

**Пәннің атауы:** Жеке тұлғаны зерттеудің жобалау әдістері

**Бағдарлама авторы:** Утеуова А.А.

**Курсты оқытудың мақсаты:**

Студенттерге жеке тұлғаны жобалау әдістері, зертеу жұмысының механизмдері және процедуралық-ұйымдастырушылық аспектілерімен, теориялық және әдістемелік негіздерімен таныстыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Жеке тұлғаны зерттеудің жобалық әдістері проективтік зерттеулер теориясы мен әдіснамасын зерттейді, жобалық зерттеулерді ұйымдастырудағы және оның нәтижелерін талдаудағы бастапқы базалық дағдыларды қалыптастырады. Клиникалық психология саласындағы жалпы психологиялық және қолданбалы құндылықтар тұрғысынан негізгі проективтік әдістемелер талданады (ТАТ, Роршач тесті, «Адам суреті» және т.б.).

**Пререквизиттері:** Эксперименталды психология, Психофизиология.

**Постреквизиттері:** Психологиялық тәуелділік агрессия және терроризм, Этнопсихология және қарым-қатынас психологиясы.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Клиенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыру, салауатты, қауіпсіз және өнімді жұмыс ортасын құруда психологиялық іс-әрекет дағдыларды жүзеге асырады.

В) Дүниетанымы мен ойлау мәдениеті жоғары жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін жаратылыстану ғылымдары пәндері бойынша базалық білімдерін игереді.

С) Гуманитарлық, әлеуметтік және саяси ғылымдар саласындағы жаңа білім, біліктерді кешенді қолданады.

Д) Кәсіптік қызметте психология басқаруда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әр түрін **менгереді**.

Е) Оқытудың замануи және қолданбалы, стандартты әдістерін қолдану дағдыларына ие болады және оқу процесін жоспарлаудың мақсат міндеттеріне сәйкес психологиялық пәндердің креативті технологияларын қолданады.

### **Дублин дескрипторлары (А, В, С, Д, Е)**

**Пәннің атауы:** Инклюзивті білім беру

**Бағдарлама авторы:** Оразова Ж.О.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Студенттерге инклюзивті білім беру, негізгі міндеттері, ерекшелігі, халықаралық тәжірибесі, принциптерін игер.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Инклюзивті оқыту- барлық кемтар балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді, оқушылардың тең құқығын анықтайды, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді, барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізеді.

**Пререквизиттері:** Эксперименталды психология , Психофизиология.

**Постреквизиттері:** Психологиялық тәуелділік агрессия және терроризм, Этнопсихология және қарым-қатынас психологиясы.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

А) Клиенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыру, салауатты, қауіпсіз және өнімді жұмыс ортасын құруда психологиялық іс-әрекет дағдыларды жүзеге асырады.

В) Практикалық психология саласындағы нормативтік-құқықтық, оқу-әдістемелік, ұйымдастырушылық құжаттарды талдайды.

С) Арнайы дейінгі білім беру жүйесіндегі шығармашылық және тілдік құзыретілікті дамытуда инновациялық технологияларды қолданады.

Д) Арнайы дейінгі білім беруде мектеп жасындағы балаларды әлеуметтендіру, білім беру, тәрбиелеу сабақтастығын тұжырымдайды.

Е) Балалармен, ата-аналармен, педагогтармен қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгеру, жұмыс тәжірибесінде теориялық білімді қолданады.

**Дублин дискрипторлары:** (А, В, С, Д, Е)

**Пәннің атауы:** Психология тарихы

**Бағдарлама авторы:** Исатаева Б.Б.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Психология тарихы мазмұны туралы білімдер, ғылымының пайда болуы мен қалыптасуына терең зерттеу жасауға үйрету.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Психология тарихы- пәннің мазмұны оқу пәннің мазмұны туралы білімдер, психологтан адам, қоғам туралы әр түрлі білімдерді қалыптастырады. Психология тарихы психологиялық білім мен психологиялық ғылымның қалыптасуы мен дамуы үрдісін қарастырады.

**Пререквизиттері:** Психофизиология , Психодиагностика негіздері.

**Постреквизиттері:** Психологиялық тәуелділік агрессия және терроризм,Этнопсихология және қарым-қатынас психологиясы.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

- А) Психология ғылым салаларын, психологиялық қызметін ұйымдастыру, коучинг негіздерін түсінеді.
- В) Клиенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыру, салауатты, қауіпсіз және өнімді жұмыс ортасын құруда психологиялық іс-әрекет дағдыларын қолданады.
- С) Практикалық психолог жұмысында психологияның тарихын талдай біледі.
- Д) Психологияның түрлі ғылыми практикалық салаларын синтездейді.
- Е) Психологиялық зерттеулерді ұйымдастыру дағдыларын бағалай алады.

**Дублин дискрипторлары:** (А, В, С, Д, Е)

**Пәннің атауы:** Қолданбалы конфликтология және эмоционалды интеллект

**Бағдарлама авторы:** Ергарина Ж.М.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Электронды білім беру ресурстарын құрастыру негіздері пәнінде цифрлық ақпарат пен интернет ресурстарын пайдаланудың құқықтық негіздерін білу заманауи психолог үшін маңызды, өйткені ол электронды ресурстарды тұтынушы ретінде де, оларды әзірлеуші ретінде де әрекет ете алуы.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл курсы қарым-қатынас психологиясының пән ретінде мәнін ашудағы ғылыми-әдіснамалық жағдайларға сүйенеді, сонымен қатар отандық және әлемдік психологиялық, әлеуметтік ғылымдардың жетістіктерін негізге алады. Қолданбалы конфликтология және эмоционалды интеллект курсының білімін зерттеу және меңгерудің негізінде психикалық ойлауы дамиды, семинар және практикалық сабақтарда қарым-қатынас психологиясы мен шиеленісті шешу бойынша іскерлік және дағдыларын қалыптастырады.

**Пререквизиттері:** Эксперименталды психология , Психодиагностика негіздері

